

**Түркістан облысы білім басқармасының № 19 колледж МКҚК Сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Шаян ауылы

31.07.2025 жыл

1. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» 2015жылғы 18 сәуірдегі №410-V Заңы, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары», №19 колледж директорының 2025 жылғы 25 маусымдағы №65 н-қ бұйрығымен құрылған жұмысшы топ құрамымен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

1.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі.

Түркістан облысы білім басқармасының «№19 колледж» МКҚК (бұдан әрі Кәсіпорын) мен оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметі.

1.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмыс тобы.

Төраға: Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары -А.Донбаев. Мүшелері: Кадр бөлімінің меңгерушісі -Н.Жуматаев, бас есепші -Е.Еркебайұлы, кәсіподақ комитетінің төрағасы -Ш.Кадиров, жастар ісі жөніндегі инспектор -З.Ізмахан.

1.4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі.

2025 жыл 02 шілде мен 2025 жылдың 13 тамыз аралығы.

1.5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қамту мерзімі.

2024 жыл және 2025 жылғы 02 шілде аралығы.

1.6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттары.

- 1) Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
- 3) Персоналды басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 4) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 5) Мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. ТАЛДАМАЛЫҚ БӨЛІМ

2.1. Колледж қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Колледж өз қызметінде келесі нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік қызметшілердің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы;
- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығы «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы»;

- ҚР Білім және ғылым министрінің м.а 2021 жылғы 14 сәуірдегі №164 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және бөлу қағидаларын бекіту туралы»;

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары». Кәсіпорынның қызметін қозғайтын қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындау бойынша құқықтық сараптама жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталмады.

2.2. Колледждің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Колледж ұйымдастырушылық, рұқсат беру функцияларын, бақылау-тексеру функцияларын іске асырмайды.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылады, білім беру саласындағы ақпараттық жүйелерді пайдаланады.

Ішкі нормативтік актілер, бұйрықтар мен өкімдер заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі.

2.3. Персоналды басқару саласына жүргізілген талдау бойынша:

Колледжде құжат айналымы, ішкі бұйрықтар мен басқарушылық шешімдер белгіленген тәртіппен және рәсімделеді.

Алайда ішкі талдау барысында кемшіліктер анықталды.

1. Бұйрықтар бойынша:

Колледж директорының 2024 жылғы 20 желтоқсандағы №131 ж-қ санды бұйрығы негізінде ҚР Еңбек кодексінің 159 бабы 2-тармағына сәйкес, еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссиясы құрылған. Алайда, колледжге құрылған келісім комиссиясы жұмыс беруші өкілдері мен жұмыскер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде құрылмаған. ҚР Еңбек кодексінің 159 бабы 2-тармағының талабы бұзылған.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша: Колледж директорының 2020 жылғы 9 желтоқсандағы №83н/қ санды бұйрығымен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға жауапты маман ретінде Б.Әуелбеков бекітілген. Жұмыс беруші тарапынан жұмыскерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, оларға нұсқау беруден және білімдерін тексеруден өткізілмеген. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты маман ретінде Б.Әуелбеков оқудан өтпеген. ҚР Еңбек кодексінің 182 бабы 2- тармағының 2 және 3) тармақшасының талабы бұзылған.

Ұсыныс: Анықталған жайт бойынша құрылған келісім комиссиясы жұмыс беруші өкілдері мен жұмыскер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде қайта құрып, бұйрық шығару. Жұмыс беруші тарапынан жұмыскерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан өткізу, оларға нұсқау беруден және білімдерін тексеруден өткізу.

Білім беру ұйымдарының бос лауазымдары арқылы жұмысқа орналасу «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығы негізінде, бос жұмыс орындарын жариялау колледждің интернет-ресурсында, әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында жариялау арқылы жарияланып, мансап орталықтарының жолдамасы бойынша жүзеге асырылады. 2024-2025 оқу жылында колледжде штат бойынша -134, қызметкерлер саны -108. Бос орын -5. 2024 жылғы 03 қаңтарынан бастап жеке құрам бойынша -137, іссапар бойынша -79 және негізгі қызмет бойынша 136 бұйрық шығарылған.

2025 жылғы 6 ай бойынша жеке құрам бойынша -56, іссапар бойынша -47 және негізгі қызмет бойынша 50 бұйрық шығарылған. 2024 жыл және 2025 жылғы маусым айлары аралығында 8 қызметкер ішкі ауыс-түйіс бойынша қызметтерден ауысқан, 2025 жылы

зейнеткерлік жасқа толатын қызметкерлер саны -1, 11 қызметкер жұмыстан шыққан, 1 қызметкермен еңбек шарты 1 жылға ұзартылған. Жұмысқа -9 қызметкер қабылданған. Бүгінгі таңға бос орындары жоқ.

2.4. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Колледжге бөлінген қаржыларды қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жұмсалды.

Бөлінген қаржы бойынша:

- 2024 жылға бекітілген қаржыландыру жоспарының 261024015 бағдарламасы бойынша 98822,00 мың теңге, бөлінген және жыл есебі бойынша 100% қаржы игерілген.
- 2025 жылға бекітілген қаржыландыру жоспарының 261024015 бағдарламасы бойынша 457920,2 мың теңге, бөлінген және жыл есебі бойынша 100% қаржы игерілген.

Инвентаризациялық тізімдер бойынша:

- Мекеме ішінде 2024 жылғы 13 қыркүйек № 84 н-қ бұйрық негізінде тауарлы-материалды құндылықтарға өз уақытында түгендеу жұмыстары жүргізілген және есептен шығарылған мүліктер жоқ.

Жұмыс уақыты парағы бойынша:

- Қызметкерлердің ай сайынғы еңбекке ақы төлеу өз уақытысында толық көлемде жүргізілді.

2.5. Мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша:

Кәсіпорынның 2025 жылдың жоспарына сәйкес, мемлекеттік сатып алу әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін тәуекелдері анықталмады. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының аясында, колледжге бөлінген бюджет қаражатын жұмсау жөніндегі ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстарды, тауарларды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу бойынша, заңға сай жылдық жоспар бекітіліп, электрондық веб-порталда жарияланады. Осыған орай, барлық мемлекеттік сатып алулар, бекітілген жылдық жоспарға сай жүзеге асырылады. Өткізілетін мемлекеттік сатып алулардың барлық тәсілдері, сондай-ақ конкурстық құжаттамалар, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырулар, конкурсқа қатысуға өтінімді ашу, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамалар Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ашық өткізіледі. Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас құқық бұзушылықтар жасауға мүмкіндік туғызатын дискрециялық өкілеттіктер анықталған жоқ.

3. ЖАЛПЫ БӨЛІМ

-Колледждің ақпараттық блогі:

Колледждің тыныс-тіршілігі <https://kolledzh19kz/> сайтында орналасқан, онда қоғамға жедел және объективті ақпарат беру, оны бірыңғай білім беру ақпараттық кеңістігіне қосу және үнемі «Парасаттылық мектептері» «Саналы ұрпақ» кеңселік жобасы аясында, «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» бойынша, атқарылып отырған жұмыстармен мекеменің салалары бойынша атқарылып жатқан жұмыстар (қосымша facebook, instagram әлеуметтік желілерінде) жариялануда.

- Білім алушылармен, қызметкерлермен байланыс:

Жемқорлықтың алдын-алу мақсатында оқу жылында «Таза сессия» акциясы өткізіліп, анонимді сауалнама алынған. Нәтижесінде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің фактілері байқалмады.

Мекеменің веб-сайты: <https://kolledzh19kz/>

Әлеуметтік желідегі парақшасы: <https://www.facebook.com/share/1CDy3bNUeT/>

Эл. почта: profshkola19@mail.ru

4. ҚОРЫТЫНДЫ:

Түркістан облысы білім басқармасы № 19 колледж МКҚК-да жүргізілген талдау нәтижесінде келесі тәуекелдер анықталды:

1. Бұйрықтар бойынша:

1) Колледж директорының 2024 жылғы 20 желтоқсандағы №131 ж-қ санды бұйрығы негізінде ҚР Еңбек кодексінің 159 бабы 2-тармағына сәйкес, еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссиясы құрылған. Алайда, колледжге құрылған келісім комиссиясы жұмыс беруші өкілдері мен жұмыскер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде құрылмаған. ҚР Еңбек кодексінің 159 бабы 2-тармағының талабы бұзылған.

2) Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша: Колледж директорының 2020 жылғы 9 желтоқсандағы №83н/қ санды бұйрығымен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға жауапты маман ретінде Б.Әуелбеков бекітілген. Жұмыс беруші тарапынан жұмыскерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, оларға нұсқау беруден және білімдерін тексеруден өткізілмеген. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты маман ретінде Б.Әуелбеков оқудан өтпеген. ҚР Еңбек кодексінің 182 бабы 2- тармағының 2 және 3)тармақшасының талабы бұзылған.

Ұсыныс: 1) Анықталған жайт бойынша құрылған келісім комиссиясы жұмыс беруші өкілдері мен жұмыскер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде қайта құрып, бұйрық шығару. 2) Жұмыс беруші тарапынан жұмыскерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан өткізу, оларға нұсқау беруден және білімдерін тексеруден өткізу.

**Ішкі талдау жұмыстарын жүргізген
жұмысшы топтың жетекшісі:**



А.Донбаев

Жұмысшы топ мүшелері:

Кадр бөлімінің меңгерушісі:



Н.Жуматаев

Бас есепші:



Е.Еркебайұлы

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:



Ш.Кадиров

Жастар ісі жөніндегі инспектор:



З.Ізмахан